

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII  
Международная научная конференция студентов и молодых  
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International  
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE  
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

ӘОЖ 070 (051)

**«АЙҚАП» ЖУРНАЛЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ ТЕҢДІГІ МӘСЕЛЕСІ**

**Амантай Жұлдыз Ағыбайқызы**

[zhuldyz.amantai00@mail.ru](mailto:zhuldyz.amantai00@mail.ru)

Л.Н Гумилев атындағы ЕҰУ

Журналистика және саясаттану факультетінің 3-курс студенті,  
Астана, Қазақстан

**Ғылыми жетекшісі – Г. Әшірбекова**

Ұлттық баспасөз тарихындағы алғашқы журнал «Айқап» айналасына өз кезеңіндегі зиялы қауым өкілдерін жинап қана қойған жоқ, қоғамдағы өзекті мәселелерді өткір талдап, елдің санасын ағартуға қызмет етті. Журналдың тарихына қатысты белгілі ғалымдар Қ.Бекхожин, Қ.Аллаберген, Т.Қожакеев, Т.Кәкішев, Ұ.Сұбханбердина мен С.Дәуітов, Қ.Сақтың еңбектерінде көптеген деректерді кездестіреміз. Сондай-ақ алаштану мәселелерін зерттеген тарихшы ғалымдар М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков, Қ.Атабаев еңбектерінде журналдың мазмұнына байланысты бірқатар пікірлерді байқаймыз.

Баспасөз тарихы – қоғам айнасы. Өйткені мерзімді баспасөздегі жарық көрген мақалалар арқылы біз сол кезеңнің қоғамдық-саяси ахуалымен, әлеуметтік мәселелерімен таныса аламыз. Қазақ баспасөзі тарихындағы алғашқы басылымдардың барлығы дерлік әйел теңдігі мәселесін көтерді.

Әйел теңдігі мәселесі сол кезең үшін қаншалықты өзекті тақырып болғанын, осы газет-журналдарда жарық көрген мақалалардан аңғаруға болады. Алдымен «Айқап» журналының саяси бағыт-бағдарына зер салғанымыз жөн. Біріншіден, журнал әлеуметтік, саяси, әдеби бағытта жарық көрген. Тарихшы ғалымдардың айтуынша журнал шығару идеясы сол кездегі Алаш қайраткерлерінің ортақ идеясы болатын. Олардың барлығы «Айқап» журналын шығаруға атсалысты. Байқағанымыздай, журналдың алғашқы нөмірлерінде А.Байтұрсынұлының, М.Дулатұлының және тағы басқа да қайраткерлердің мақалаларын кездестіреміз. Алайда бірер жылдан кейін журнал айналасындағы қайраткерлердің пікір қайшылығы мен қоғамның ақпараттық қажеттілігіне қарай ұлт зиялылары екіге бөлінеді. Бұл туралы тарихшы ғалым М.Қойгелдиевтің «Ұлттық саяси элита» атты еңбегінде жақсы түсіндіреді.

Екіншіден, журнал өз кезеңіндегі ақпараттық сұранысқа толық жауап берді. Басылымның редакторы М.Сералиннің саяси ұстанымына сәйкес отырықшылыққа көшу, қала салу, мәдениет, ғылымды дамытуға байланысты мақалалар жиі жарық көрді. Яғни сол кездегі жағдайға байланысты жерге тек отырықшы болып, қала салу арқылы ғана ие бола аламыз деген ойда болды. Шын мәнісінде бұл ұстанымның дұрыстығын уақыт өте келе түсініп отырмыз.

Үшіншіден, журнал оқырмандарына оқу, білім, ғылым, мәдениетке ұмтылуды насихаттады. Сол кездегі Алаш қайраткерлерінің барлығы дерлік азаттыққа тек білім арқылы ғана жетеміз деп ойлады. Қазіргі уақыттың өзі білімнің бәсін жоғары қойып, әділетті қоғам құрудың тетігі ретінде ұсынып отыр.

Төртіншіден, әйел теңдігі неге соншалықты маңызды мәселеге айналды? Қазақ тұрмысында әйел құқығын шектеу қаншалықты жиі көрініс тапты? Бұл сұрақтарды талдауға келгенде екіжақты пікірге мән бергеніміз жөн. Әйел теңдігі мәселесін әдейілеп көтерген сол кездегі патша үкіметінің, одан кейінгі кеңестік биліктің саясаты. Шын мәнісінде қазақ ұғымында қыз баласына құрмет өте жоғары болған. Ерте жастан тұрмыс

құру, атастыру, әмеңгерлік секілді салттар екі жақты ата-ананың келісімімен жүзеге асқан. Бұл – бірінші пікір.

Қазақ әйелінің қоғам істеріне араласуына мүмкіндік беру, олардың оқу, білімге ұмтылуын насихаттау – сол кездегі зиялы қауым өкілдерінің идеясы. Қалай десек те, қазақ әйелі саяси белсенділігі мен білім дәрежесін қай кезеңде де көрсетіп келеді. Бүгінгі күні де қоғамның түрлі саласындағы әйелдердің үлес салмағы ер азаматтарға қарағанда төмен екендігін жасырмаймыз.

Бір сөзбен айтқанда, әйел теңдігі мәселесі кешегі күннің ғана емес, бүгінгі күннің де өзекті тақырыбы. Әйел теңдігі мәселесінің «Айқап» журналындағы көрінісіне талдау жасауды жоғарыдағы себептерге байланысты таңдаған едік.

Қазақ баспасөзінің дамуын өзіндік үлес қосқан басылымдардың бірі – 1911 жылы жарық көріп, халық арасында белсенді таралымға ие болған «Айқап» журналы. Әр материалдың мазмұны мен мағынасына жете көңіл бөлініп, айдар атауын беруде аса мұқияттылықпен қараған. Өз кезеңінің үздік журналы атанған «Айқаптың» қашанда бәсі жоғары болды. Себебі, қазақ публицистикасының дамуында журналдың алар орны ерекше.

Троицк қаласында жарық көрген «Айқап» журналы халықымыздың мәдениеті мен әдебиеті, тарихымыз бен белгілі бір кезеңнің саяси өмірінен сыр шертетін басылым. Мұхаметжан Сералин бастаған зиялы топ өкілдері тек ағартушылық бағытты ғана ұстанбай, қазақ арасында болып жатқан алауыздық пен әлеуметтік мәселелерді шешуде өзіндік орны бар тарихи құндылық. Журнал XX ғасыр басындағы тарихи қайшылығы мол күрделі кезеңнің айнасы бола білді. «Айқапта» жарық көрген шығармалар ғасыр басындағы қоғамдық-саяси ахуалды аңғартып, сол кездегі өмір шындығының негізгі дереккөзіне айналды. Қазақ баспасөз тарихын зерттеушілердің бірі профессор Б.Кенжебаев «Айқап» журналының бетінде жарық көрген материалдады тақырыптық, мамұндық сипаты жағынан мынадай бөлімдерге бөліп қарастырған:

1. Саяси-әлеуметтік мақалалар.
2. Әдеби шығармашылық, әдеби мәселелер.
3. Қазақ арасындағы оқу-ағарту ісінің жай-күйі және маңызды мәселелері.
4. Ана тілі, әліппе, емле мәселелері.
5. Қазақ әйелдерінің жайы, бостандық, теңдік мәселелері.
6. Дәрігерлік, агротехникалық кеңестер, ғылым табыстары.
7. Ішкі-сыртқа хабарлар.
8. Кітап сындары.
9. Тілші хаттары, жауап хаттар.

Қоғамдағы әлеуметтік мәселеге бей-жай қарамаған журналдың абыройы әрқашан асқақ болды деп айтуға негіз көп. Аталған тақырыптардың ішінде қазақ қыздарының жай-күйі, сол кезеңдегі жалпы қыз тағдыры журналдың басты назарында болды. Оның бір дәлелі №1 санының титул парағында «Құдай болып, құдай десіп, бір жасар қызды айттырып қоюды тастаңыз, әйел затын кем көрмей, еркекпенен тең көріңіз! Қатынымыз күң болса, баламыз құл болады. Көрмей, сүйіспеген некелеген себеп арада», – деп үндеу жариялаған. Осыдан-ақ редакция алқаларын осы мәселе алаңдатқанын аңғаруға болады. Осы тәрізді көптеген мақалалар мен әдеби шығармаларды жиі кездестіруге болады.

### **Қазақ қыздарына**

Оқып ем газет қыстың күні,

Көрінді нөмірлерден қыздың үні.

Риза бұл «Айқапқа» болып тұрмын,

Әр жерден естілген соң әйел үні, – деген шумақтармен Күләйім Төлегенқызының өлеңдері «Айқап» журналының 1917 жылғы санында жарық көрген. 1913-1912 жылдары журналда қызмет атқарған Сұлтанмахмұт Торайғыровты біз әйел теңдігі, қазақ қоғамындағы қыздардың рөлі туралы сыр шерткен қаламгер ретінде танимыз. Одан бөлек, Бейімбет Майлин сынды тұлғалар қазақ әдебиетінің көш басында тұрғандар. Халық

тұрмысындағы кейбір келеңсіз әдеп-ғұрыптардан арылу қажеттігін алға тартқан зиялылардың бірі ретінде Бейімбет Майлинді ерекше атап өтуге болады. Оған дәлел «Қостанай уезі. Дамбар болысы» (1913) деп аталатын тырнақалды туындысы. «Бірақ біздің қазақ халқының ежелден пайдасын біле тұра аяқ баспайтындығы бар емес пе? – дейді жазушы. Бірсыпыра жарамсыз әдеттерін ата ғұрпымыз деп айырылмай бұл уақытқа шейін қолына ұстап келді. Ол жарамсыз әдеттерінің бірі қыз алып, қыз беру турасында, онан соң өлік турасында». Кей ғұрыптың өрескел екенін қынжыла жазған.

Қазақ баспасөз тарихын зерттеуші ғалымдардың деректеріне сүйенсек, «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналының арасында болған келіспеушілік саяси мәселелерге байланысты туындаған. Мысалы, журналда әйел теңдігі мәселесі өткір қойылды. Қалыңмалдың орынсыз қымбаттығы, әменгерлік заңның жөнсіздігі сыналды. Оның жүйелі көтерілгенін мысқылдаған «Қазақ» газеті: «Айқап» әлі қыз ұзатып бола алмай жүр» деп жазған. Бұл қазақ басындағы мәселенің зоры бұл емес деген пікірден туса керек. Яғни, «Қазақ» газеті бұны ең негізгі мәселе деп құптамады. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті қанша айтысып, қанша тартысса да жеке бастың қамын күйттеген жоқ. Ұлттың мұнын сөз етті, елдің ертеңі үшін қалам сілтеді. «Қазақ» көзіміздің қарасы болғанда, «Айқап» ағы емес пе еді» - деп Бейімбет Майлин қос басылымға жоғары баға берген. Көздің ағы мен қарасы арасында алауыздықта болды, келіспеушілікте орын алды. Бірақ, ол көздер азаттықты аңсады, келер ұрпаққа үміт артты...

«Айқап» журналы қазақ әйелдерінің қоғамдағы орнына да жан-жақты тоқталды. «Адам баласының тәлім-тәрбиесі анадан ауысады, бүкіл адамзатты тәрбиелеуші – ана» деп, олардың үйдегі, отбасындағы атқаратын рөлін өте жоғары бағалады. Тілеубайқызы Сахыпжамал (1911, №7,11-12 бет) қазақтың ер балаларын оқытып, қыз балаға онша көңіл бөлмейтінін, олардың қалың малға сатылып, сүймеген адамына еріксіз ұзатылатынын халық алдында әшкерелейді. Осы орайда Тілеубайқызы Сахыпжамалдың «Қазақ қыздарының аталарына» атты мақаласын атап өткен жөн. «Ер баланы оқытасыз да, бізді оқытпайсыз, қыздар оқыса бұзылады дейсіз. Бұзылған әйелдер оқығаннан бұзыла ма екен. Оқу адамды бұза ма екен? Біле білсең қыз баланы көбірек оқыту керек. Қыз бала түбінде бала-шағаның анасы болады. Ана надан болса, балаға жақсы өнеге бере алар ма?! Қыздарыңызды көбіне жәбірге ұстап бересіз, ұстап бергеніңіз сол, 14-15 жастағы қыздарыңызды 50-60 жастағы шалға бересіз. Екеуі тең бе тең емес пе оған қарамайсыз. Шырылдатып ұстап бересіз. Егер де тең болса 14 -15 жастағы ұлдарыңызға 50-60 жастағы кемпірді неге алып бермейсіз?» - деп тоқтайды Сахыпжамал. Бұдан артық жеткізіп, бұдан артық ашынып жазу мүмкін емес сияқты. Бұл мақала сол кезде миллиондаған қазақ қыздарының намысының жанып, ар-ұятын оятқан, қазақ даласын дүркіреткен, ұлы жаңалық болды. Ғалымов Әкірам - ақын, жазушы, драматург. «Шала татар», «қара торы», «қара торы жігіт» атты бүркеншік аттармен қалың бұқараға танылған тұлға. «Айқап» журналында хатшы болып қызмет атқарған. Сол уақыттағы әйел мәселесі Әкірам Ғалымоты да бей-жай қалдырмаған. Олар: «Бейшара қыз», «Айт күні», «Бақытсыз сұлу», «Жұртқа қайтып жағу керек», «Қыс», «Өтініш» т.б.

Елдің ертеңі мен бүгінгінің дамуы, ел баспасөзінің қандай дәрежеде екеніне байланысты. Яғни, ел баспасөзі қаншалықты биік болса, мемлекеттің ертеңі айқын. Талай мәрте өмірдің асау белестерінен сүрінбей өтіп, көптеген газеттер мен журналдардың алдында тұрған, тарихи басылым осы – «Айқап». «Айқапта» жарияланған осындай материалдар көптеген қазақ жастарының санасын оята білді. Қоғамдық қайраткерлер тобының қалыптасуына ықпал жасады. Төрт жыл баспа бетін көрген «Айқап» журналы қазақ елі үшін төрт ғасырдан астам қызмет еткендей із қалдырғаны сөзсіз. Елдің сан-саласына қаламдарын тербеп, халық үшін аянбай тер төккен жазушы-ақындардың еңбегі мәңгілік мұра екендігі ақиқат. Олар қазақ елінің ертеңі үшін жандарын құрбан ете жүріп, елдің елдігімен бірлігі, білімділігі үшін ат үстінде айқасқандай, солақай саясатпен қасқайып тұрып айқасты. «Айқап» қазақ публицистикасының қоғамдық ойдың көшбасшысы деңгейіне жеткізген басылым еді», – дейді Бауыржан Жақып.

Қорыта келгенде, «Айқап» журналы сол кездегі қазақ әйелінің теңдігін сөз етті. Қазақ қыздарының қоғам ісіне араласып, білім алуына, олардың өз қалауымен тұрмыс құруына байланысты ұсыныс-пікірлерін білдірді. Осы тұста «Қазақ» газетінің журналды үнемі бақылап, кейде артығырақ сынаған мақалаларын байқаймыз. Алаш қайраткерлері қанша тартысқа барғанымен, бір-біріне тілектестік танытты десек те, екі басылым арасында келіспеушілік себептерін жан-жақты зерттеу қажет деп ойлаймыз. Неге десеңіз, әйел теңдігіне байланысты жазылған мақалаларда қыз баланың білім алып, өз теңін табудағы алғашқы талпыныстар туралы жазылып, тіпті кейбір оқырман қыздардың хаттары жарық көрген. Жоғарыда мысалға келтіріліген Сақыпжамалдың хатында бүгінгі күнге дейін маңызын жоймаған мәселе көтерілгенін байқаймыз.

Қорыта келгенде, «Айқап» журналы бүгінгі күнге дейін маңызын жоймаған гендерлік теңдік, әйел құқығы мәселелерін сол кездің өзінде көтеріп, нақты ұсыныстарын білдірген. Сондықтан да «Айқап» өз кезеңі үшін ғана емес, бүгінгі күні де сапалы басылым қатарында.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Аллаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж., Оразаев Ф. Қазақ журналистикасының тарихы, Алматы, Білім-2010, - 307б.
2. Байменше С. «Әй, Қап – «Айқап»// Егемен Қазақстан газеті, 2011. – 29 наурыз. 4 бет.
3. Сақ Қ. Ел үмігін ақтаған басылым// Егемен Қазақстан газеті, 2011.-12 сәуір.

УДК 070.1

### **ОБРАЗ КАЗАХСТАНА В ЗАРУБЕЖНЫХ СМИ (НА ПРИМЕРЕ THE NEW YORK TIMES И ДРУГИХ ИЗДАНИЙ)**

**Есимбекова Фаина Сериковна**

[fadina.esimbekova@bk.ru](mailto:fadina.esimbekova@bk.ru)

Студент факультета журналистики и политологии ЕНУ имени Л.Н.Гумилева  
Астана, Казахстан,

**Научный руководитель – Баткеева Б.Т.**

Человечество вступает в эпоху, когда "виртуальная реальность" как образ мира, созданный средствами массовой информации с помощью Интернета, во многих отношениях не соответствует действительности, когда новые коммуникационные технологии создают принципиально иное и ранее неизвестное "глобальное пространство". В соответствии с этими технологиями государство начинает менять базовую технологию политической коммуникации государства и общества, государства и государственности. В настоящее время имидж государства становится важнейшим инструментом и технологией.

Имидж - это целенаправленно созданный образ, придающий политическому объекту (человеку, организации, стране и т.д.) определенные социальные и политические ценности и способствующий более эмоциональному восприятию. Политический имидж государства играет важную роль в международных отношениях. Успех внешней политики страны, развитие торгово-экономических отношений с другими странами зависит от того, позитивна она или негативна. Внешнеполитический имидж оказывает влияние на политические процессы, происходящие в государстве: негативный имидж страны может быть использован оппозиционными силами в качестве одного из аргументов для критики правительства и его политики.